



2025 жылдың 1 тоқсанында көрсетілген
мемлекеттік қызметтер туралы есеп

Қайырлы күн құрметті тыңдармандар

Мен, Мерuert Сапарғалиқызы Кошербаева,
«№2 Ертіс ЖОББМ» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі директорының м.а., Сіздерді 2025
жылдың 1 тоқсанында көрсетілген мемлекеттік
қызмет туралы ақпаратпен таныстырып өтті.

2025 жылдың 1 тоқсанында «№2 Ертіс
ЖОББМ»-де мемлекеттік қызметтің 6 түрі
көрсетілді.

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау. Қызметтің бұл түрі бойынша ата-аналардан 2 өтініш қабылданып, қызмет көрсетілді.
2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау. Қызметтің бұл түрі бойынша ата-аналардан 6 өтініш қабылданып, қызмет көрсетілді.
3. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну бойынша өтініш болған жоқ.
4. Аз қамтылған отбасы балаларын саяжайда және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттарды қабылдау және жолдамалар беру бойынша өтініш болған жоқ.
5. Республикалық ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілік санаттарын аттестаттау, растау үшін құжаттарды қабылдау бойынша өтініш болған жоқ.
6. Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын беру. Осы қызмет түрі бойынша өтініш болған жоқ.

Мектепте мемлекеттік қызмет бойынша өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған, қажетті құжаттар тізімі және оларды толтыру нысандарының үлгілері бар. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты адам көрсетілетін қызметті алушыларды электрондық форматта қызмет алу тәртібі туралы ақпараттандыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Назарларыңызға рахмет

<https://www.instagram.com/reel/DIcCt0cudNB/?igsh=azBvaXRuYTc3dXo0>

<https://www.facebook.com/share/v/1BtUV7REh4/?mibextid=wwXlfr>